

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕ АҚ



AUEZOV
UNIVERSITY
1943

«Бекітемін»

М.Әуезов атындағы ОҚУ
Оқу және ОӘЖ жөніндегі
проректоры

Р.Абишева
«29». 12. 2021ж.
ums 002384

«КӨРКЕМ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР» курсының

БАҒДАРЛАМАСЫ

36сағат

Шымкент, 2021ж.

Құрастырғандар: п.ғ.д., профессор М.Ж. Тәңірбергенов
магистр, аға оқытушы Л.М. Умралиева

«Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының мәжілісінде қаралды
(хаттама №5 «21». 12. 2021ж.)

Кафедра меңгерушісі _____ Д.С. Болысбаев

Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің мәжілісінде талқыланып, ұсынылды
(хаттама №2 «28». 12. 2021ж.)

Хатшы _____ Р.Арынбаева

М.Әуезов атындағы ОҚУ ОӘК мәжілісінде мақұлданды және ұсынылды

(хаттама №_3_ «_29_»_12_2021ж.)

ОӘБ жетекшісі _____ Г.З.Туребекова

ОӘБ тіркеу нөмірі ums 002384

ТҮСІНІКТЕМЕ

Ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылықтарды оқыту әдістемесінің бағдарламасы келесі міндеттерді шешуді көздейді:

- магистранттарға патриоттық, адамгершілік, еңбексүйгіштік және эстетикалық тәрбие беруге ықпал ету;
- Қазақстан ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылықтарының нежелгі түрі мен ұлылығын көрсету;
- магистранттарға әлемдік көркем мәдениет, ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылықтардың пайда болуы мен дамуы туралы мәлімет беру;
- магистранттарға ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылықтарды оқыту әдістемесімен, оның мазмұнымен таныстыру;
- жоғары оқу орнында магистранттарға ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылықтардың мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеу әдістемесін ашып көрсету.

Сабақтың ұйымдастыру кезеңінде, алғашқы кезекте, қажетті жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге көңіл бөлінді. Мысалы, көркем әдебиеттер, шеберханалар, мұражайлар, материалдар, аспаптар және т.с.с. Сонымен қатар әдістемелік тұрғыдан және басқа да қосымша жағдайлар бойынша да оқыту үдерісін қамтамасыз етуді ерекше назарға алу қажет. Мұнда оқу үдерісін ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылықтарды жақсы меңгерген тәжірибелі оқытушы жүргізуі керек. Оның қызметі – оқыту мен тәрбие үдерістерінің мазмұндық және материалдық жағын ұйымдастыру. Оқытушы оқу-тәрбие, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, көрмелер, экскурсиялар өткізеді; оқу-әдістемелік кестелер, оқу құралдарын дайындайды.

Тақырып пен тапсырмаларға байланысты жұмыс топтармен, буындармен және жекеше жүргізіледі. Магистранттарға қойылатын келесі талаптарды ескеру қажет: тапсырманы орындаудағы мақсат пен әдістерді анықтау; терминдер мен негізгі ұғымдарды меңгеру; ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылықтар жөніндегі білімдерді, икемділіктерді және дағдыларды меңгеру; бағалау критерийлерін дайындау;

Баяндалған талаптардың нәтижесінде ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылықтарды оқыту барысындағы мәдени құндылықтарды оқытуды жекелей немесе буындар бойынша ашып көрсетуге болады, ал оның алдында ұжымдық жұмыс және тиісті дағдыларды қалыптастыру қажет.

1 МАГИСТРАНТТАРҒА КЕЛЕСІ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУ

1) Негізгі үдерістің белгілі бір білімдерін, икемділіктерін меңгеру мәдени құндылықтарды оқыту барысындағы балама ойлауға әкеледі.

2) Міндетті шешудің түрлі тәсілдері бұрынғы белгілі тәсілдеріне қарағанда мүлдем жаңа оқыту жолдарын тудырады.

3) Түрлі әдістемелер арқылы мәдени құндылықтарды оқыту.

4) Қазақ көркем мәдениетіндегі ұлттық ою-өрнекті жаңғырту.

5) Тастағы бедерлердің стильдік даму ерекшеліктерімен танысу.

6) Ұлттық өрнек өнері. Жұмыс орнын тексеру: қағаз, сурет жақтауы, багет, тушь, қауырсын, қалам және т.б.

7) Ою-өрнектер, композиция құру. Элементтердің шығу тегіне қарамай атауларын анықтау: өсімдіктік, геометриялық, зооморфтық, космогониялық, геральдикалық, пейзаждық, антропоморфтық, символдық.

8) Көркем композициялар, эскиздер. Киіз басу өнерінің қалыптасуы және дамуы

9) Көркем мәдени құндылықтар жаңғырығы.

10) Көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие

11) Тушь, перо жаттығула Көркем еңбек пәні мұғалімдерін көркем шығармашылыққа баулу.

Ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылықтар дәстүр байлығы мен алуан түрлі көркем шығарма құндылықтарын ашып көрсетеді; оның көмегімен жастар өздері үшін мәдени құндылықтардың өмір құбылыстарымен танысады.

Педагог тәрбиеленушілерді ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылықтармен құбылыстардың кең ауқымын қабылдауға алып келеді.

Оқыту үдерісі барысында мынаны есте сақтау қажет: кез - келген әдістеме жастар үшін қолайлы бола бермейді. Мәдени құндылықтардағы өнерді қабылдау дәйекті түрде жүзеге асады. Сондықтан ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылықтар бойынша магистрлер үшін іріктеп алынған әдістемелерге белгілі бір талаптар қойылады.

Сонымен қатар осы кезеңде жоғары оқу орнындағы магистранттарды ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылықтарды оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру мақсатында *«Көркем білім беру жүйесінде мәдени құндылықтар» атты тақырыбындағы элективті курс дайындалып*, магистранттардың көркем білім саласындағы білімдері мен тәжірибелік іскерліктерін қалыптастыру мүмкіндіктері тексерілді.

2 «КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР» АТТЫ ЭЛЕКТИВТІ КУРСТЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

№	Бөлім және тақырыптардың атаулары	Барлық сағ. саны	Лекция сабақ	Практ. сабақ
1	Кіріспе Көркем білім нәтижесі - көркем еңбек.	2	1	1
2	Қазақ көркем мәдениетіндегі ұлттық ою-өрнек жалғастығы.	2	1	1
3	Тастағы бедерлердің стильдік даму ерекшеліктері	2	1	1
4	Мәдени мұрадағы түр мен түстің көркемдік ерекшеліктері	2	1	4
5	Қазақ ұлттық мәдениетінің ең байырғы, аса құнды саласының бірі – қолөнері	2	1	1
6	Қазақстан көркем шығармашылығы: Кеше, Бүгін,	2	1	2
6	Ұлттық өрнек өнері	2	1	2
7	Киіз басуөнерінің қалыптасуы және дамуы	2	1	2
8	Гобелен өнері.	2	1	2
9	Көркем мәдени құндылықтар жаңғырығы. Құрасбек Тыныбеков шығармашылығы	2	1	1
10	Көркем мәдени құндылықтар жаңғырығы. Батырбек Өтепов шығармашылығы	2	1	1
11	Көркем мәдени құндылықтар жаңғырығы. Бибіахар Симова шығармашылығы	2	1	1
12	Көркем мәдени құндылықтар жаңғырығы. Тоқболат Тоғысбаев шығармашылығы	2	1	1
13	Көркем мәдени құндылықтар жаңғырығы. Ерболат Төлепбай шығармашылығы	2	1	1
12	Көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие	4	1	1
13	Көркем еңбек пәнімұғалімдерін көркем шығармашылыққа баулу	4	1	1
	Барлығы:	36	13	23

Элективті курс бағдарламасы нақты мынадай оқу-тәрбиелік *міндеттерді* анықтайды:

- магистранттарға көркем - эстетикалық тәрбие беру;
- Қазақстан Республикасындағы ұлттық көркем шығармашылық мәдени құндылықтарды көрсету;

-магистранттарға көркем шығармашылық мәдени құндылықтар негіздерін оқыту, сонымен қатар оларды осы саладағы білім, іскерлік, дағдылармен қаруландыру; сурет, кескіндеме, киіз, гобелен өнері әдістерімен таныстыру; магистранттарға көркем шығармашылық мәдени құндылықтар тарихы мен дамуы туралы түсінік беру; Көркем білім беру жүйесінде мәдени құндылықтар пәні сабағында магистранттарды тәрбиелеу мен оқытудың әдістемесін және мазмұнын талдау; жоғары оқу орындарында Көркем білім беру жүйесінде мәдени құндылықтар элективті курс бағдарламасының ерекшелігімен және мазмұнымен таныстыру.

Элективтік курсты оқытудың тиімділігін талдау нәтижелері магистрлердің іс-әрекетінің деңгейлері жоғары, ұсынылған бағдарламаның тиімді екендігін көрсетті.

Жоғары оқу орнындағы оқыту үдерісін тиімді ұйымдастырудың маңызды шарттарының бірі - жаңа талаптарға сай білім мазмұнын қарастыру. Біз жоғары оқу орнындағы оқу - тәрбие үдерісінде болашақ көркем еңбек және сызу оқытушысының көркем білім саласындағы кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтау мақсатында 6В140400- «Көркем еңбек және сызу» мамандығының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен, оқу жоспарымен, оқу бағдарламаларымен танысып, маман даярлау барысында студенттердің құзыреттілігін қалыптастыруға қаншалықты жағдай жасалғандығын анықтауға тырыстық. Білім мазмұнының тұрақты бөлігінде оқу орнының түріне, оқыту тіліне, алған бағдарына қарамай міндетті түрде оқытылатын пәндер жиынтығы болады.

Дәлірек айтсақ, адамзат жинақтаған әлеуметтік тәжірибенің студенттердің танымдық мүмкіндіктеріне сай, қоғам дамуының қазіргі талабынан туындаған мемлекеттік білім беру саясаты көрініс табады. Ал білім мазмұнының жылжымалы бөлігі, негізінен, Көркем білім өнеріндегі шығармашылықты магистранттардың өз талап-тілегіне сай білім алу сұранысын, жергілікті жердің мәдени және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері бойынша білім беру талпыныстарын мүмкіндігінше қанағаттандыруға бағытталған. Ғылыми тұрғыдан алғанда «көркем білім мазмұнының жылжымалы бөлігі» деген ұғым екі деңгейде қарастырылады. Біріншісі – жеке пәндер, екіншісі – білім беру мазмұны мен көркем шығармашылықтың жалпы деңгейлері.

Жеке пән бойынша берілетін білім мазмұны жалпы алғанда үш бөліктен тұрады. Олар: іргелі, көмекші, қосымша. Іргелі пәндер бөлігі білім берудің жалпы мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталса, көмекші бөлігі оқыту әдістемесі жүйесінен туындайды, яғни көркем шығармашылықты дамытатын

компонент болып есептеледі. Ал, қосымша бөлігі жергілікті жерге байланысты жеке оқу пәнінің мазмұнына енгізілетін оқу материалдарын қарастырады. Осы екі бөлік бірігіп, жеке пән бойынша берілетін білім мазмұнының жылжымалы бөлігін құрайды.

Осы үрдіске сай елімізде біртіндеп жүзеге асып жатқан жаңа білім мазмұнында болашақ Көркем еңбек және сызу мамандарын көркем білім беру жүйесінде мәдени құндылықтарарқылы шығармашылыққа дайындауда жеке танымдық мүмкіндіктерін, талап-тілектерін ескеру екі жолмен жүреді.

Біріншісі, білім мазмұнының жалпы деңгейінде оның тұрақты бөлігімен қоса жылжымалы бөлігін нақтылау.

Екіншісі, міндетті оқылатын жеке пәндердің білім мазмұнында студенттердің міндетті түрде игеретін және оқу мүмкіндігіне қарай игеретін көркем шығармашылықтың деңгейлерінің нақтылануы. Ол жеке пәннің білім стандарты деп аталып, жоғары оқу орындарында дайындалады.

Әрине, Көркем білім беру жүйесінде мәдени құндылықтар шығармашылығында сатылай үйрету жүйесі оқытушы ұсынған әдіс-тәсілдерге де байланысты.

Біріншіден, магистранттарды ізденістерге қызықтыра алатын нақты тақырыптар қажет.

Екіншіден, мәдени мұрадағы көркем шығармаларына ықпал етуші көркем бейнені пайдалану қажет.

Үшіншіден, нақты тақырыптар бойынша түрлі көркем шығармашылықпен әдептеу, магистрлердің бойында игеріліп жатқан материалдарды терең сезіну, бағалау сезімін ояту қажет.

Төртіншіден, магистрлерге көркем өнерінің шығармашылығындағы әрбір игерілетін тақырып туралы өз пікірін білдіруге мүмкіндік туындату қажет.

Бесіншіден, әрбір тақырып бойынша қажетті мағлұматтар беретін әдебиеттерді тұрақты түрде насихаттау қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ералин К. Изобразительное искусство Казахстана В системе художественно-профессиональной подготовки будущих учителей изобразительного искусства и художественного труда в педагогических институтах: автореф. докт. пед. наук. – М., 1992. – 72с.
2. Альмухамбетов Б. А. Эстетическое воспитание учащихся IV-VII классов средствами национального изобразительного искусства. /на материале общеобразовательных школ Каз ССР: дисс..... кан.пед.наук. – М., 1987
3. Қамақов Ә.О. Халықтың көркемдік дәстүрлерін бейнелеу өнері арқылы игерудің педагогикалық мәселелері. –Алматы: Рауан, 1992
- 4.Танирбергенов М.Ж. Теоретические и методические основы обучения графике в ВУЗе. Монография. -Шымкент, 2015 -205с.
5. АмиргазинК.Ж.Научно-теоритические основы и методика обученияказахскому декоративно-прикладному искусству в общеобразователь-ныхшколах: автореф. ... док. пед.наук. – М., 1995. – С-47.
6. Балкенов Ж. Әдептеу (стилизация) ғылыми әдістемелік монография // Е.А.Бөкетов атындағы ҚМУ Баспасы, 1998-172 б.
7. Балкенов Ж. Халық мұрасындағы ұлттық өрнек және ренц. Ғылыми әдістемелік монография. - Қарағанды, 1996 ж. - 198 б.
8. Балкенов Ж. Өрнек өнері арқылы болашақ мұғалімдерді көркем шығармашылыққа даярлау. Монография // Алматы; Ғылым,2001, -372б.
9. Бекқұлова А., Ш.Токтабаева., Ахмирова, Б.Асанова, Қазақ киізі: КЕШЕ және БҮГІН. Алматы 2008ж.
10. Танирбергенов М.Ж ., Мұсақұлов Қ.Т., Жолдасбекова Г.Д. Сәндік колданбалы өнер. Әдістемелік құрал. Шымкент, 2013. -72 б.

МАЗМҰНЫ

ТҮСІНІКТЕМЕ.....	3
1. МАГИСТРАНТТАРҒА КЕЛЕСІ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУ.....	4
2. «КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР» АТТЫ ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ.....	5
3. ӘДЕБИЕТТЕР.....	8